

## Төлем балансына әдіснамалық түсіндірме

**Ағымдағы операциялар шоты** резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің және қайталама кірістердің ағындарын көрсетеді. Ағымдағы операциялар шотының сальдосы экспорттың және алынатын кірістің сомасы мен импорттың және төленетін кірістің сомасы арасындағы айырманы көрсетеді. Экспорт пен импорт тауарларды және сол сияқты қызметтерді қамтиды, ал кірістер бастапқы (өндіріс факторларынан) және қайталама (ағымдағы трансферттер) кірістерді қамтиды. Ағымдағы операциялар шотының кредиті бойынша тауарлар экспорты, қызметтер экспорты, бейрезиденттерден алуға жататын бастапқы және қайталама кірістер, ал дебеті бойынша – тауарлар импорты, қызметтер импорты, бейрезиденттерге төлеуге жататын бастапқы және қайталама кірістер көрсетіледі.

**Капиталмен операциялар шоты** резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы өндірілмеген қаржылық емес активтермен және капиталдық трансферттермен кез келген сыртқы экономикалық операцияларды қамтиды. Өндірілмеген қаржылық емес активтер табиғи ресурстардан, жалдау және лицензиялар келісімшарттары мен шарттарынан және маркетингтік активтерден тұрады.

Күрделі трансферттер активтерге (ақша қаражаты мен тауар-материалдық қорларды қоспағанда) меншік құқығы бір тараптан екінші тарапқа өтетін немесе активтерді (ақша қаражаты мен тауар-материалдық қорларды қоспағанда) сатып алу немесе иесіздендіру бойынша міндеттемелер бір немесе екі тарапқа да салынатын немесе міндеттемені кредитор кешірген жағдайдағы трансфертті білдіреді.

Ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттарында барлық кредиттік және дебеттік жазбалар оң белгімен көрсетіледі. Бұл ретте тиісті баптар сальдосы (тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің, қайталама кірістердің) кредит пен дебет арасындағы айырма ретінде анықталады және оң (профицит) сол сияқты теріс (дефицит) белгісі болуы мүмкін.

**Қаржылық шотта** резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы қаржы активтерімен және міндеттемелерімен операциялар көрсетіледі.

Қаржылық шот халықаралық таза қаржыландыру операцияларында қолданылатын функционалдық санаттар, секторлар, құралдар және өтеу мерзімдері туралы ұғымды береді.

Активтер мен міндеттемелер функционалдық белгісі бойынша мынадай негізгі құрауыштар бойынша жіктеледі: *тікелей инвестициялар, портфельдік инвестициялар, туынды қаржы құралдары және қызметкерлер үшін акцияларға опциондар, басқа инвестициялар және резервтік активтер.*

Сыртқы экономикалық қызмет шоттарында сыртқы қаржы активтері мен сыртқы міндеттемелердің өзгерісі таза негізде көрсетіледі. Сондықтан қаржылық шот баптарында «активтер» және «міндеттемелер» деген ұғымдардың орнына «қаржы активтерін таза алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» деген ұғымдар қолданылады.

Қайта бағалау, активтің нарықтық құны өзгеруі не құнды біржақты есептен шығару нәтижесінде сыртқы қаржы активтері мен міндеттемелері құндарының (резиденттер мен бейрезиденттер арасында операциялар жүргізбей) өзгеруі қаржылық шотта көрсетілмейді.

Қаржылық шот бойынша жазбалар тауарлар, қызметтер, кірістер, капиталмен операциялар шоттары немесе қаржылық шоттың басқа баптары бойынша операцияларға қатысты байланыстырушы жазбалар бола алады.

Қаржылық шот сальдосы активтерді таза алу және міндеттемелерді таза қабылдау арасындағы айырма ретінде анықталады. Қаржылық шоттың оң сальдосы елімізден қаржы ресурстарының таза кетуін білдіреді, ал теріс сальдо – қаржы ресурстарының елімізге таза келуі.

Сыртқы экономикалық операциялардың жекелеген түрлері бойынша нақты статистикалық деректер болмағандықтан (мысалы, үй шаруашылықтарының операциялары

сияқты) төлем балансының бірқатар баптарын қалыптастыру үшін статистикалық бағалаудың әдістері қолданылады.

Төлем балансының арнайы бабы *таза қателер мен қалып қойғандар* болып табылады, онда төлем балансының басқа баптары бойынша жіктелмеген операциялар мен статистикалық есептің қателері бейнеленеді. Қателер мен қалып қойғандар төлем балансында мынадай жағдайларда туындауы мүмкін:

- (1) егер бір операция бойынша дебет және кредит көрсету уақыты немесе құрастыру әдіснамасы бойынша сәйкес келмейтін әр түрлі дерек көздерінен көрсетілген болса (құндық бағалауда өзгешелік);
- (2) егер қолда бар дерек көздерінен алынған немесе статистикалық бағалау негізінде алынған операциялар төлем балансында біржақты ғана көрсетілген болса (дебет немесе кредит);
- (3) егер операциялар бойынша жазбаларда дебет немесе кредит қате бағаланған болса (статистикалық есептің қатесі).

### Төлем балансындағы «+» және «-» белгілері

	«+»	«-»
Ағымдағы шот = кредит – дебет (сальдо)	Ағымдағы шоттың профициті. Ішкі жинақтар елдің ішкі инвестицияларға қажеттілігін толығымен жабады және сыртқы жинақтардың (шетелдік активтер) өсуін және (немесе) оның сыртқы міндеттемелерінің төмендеуін қамтамасыз етеді	Ағымдағы шоттың дефициті. Ішкі жинақтардың ішкі инвестицияларды қаржыландыруға жеткіліксіздігі елге сыртқы қаржыландыруды тарту есебінен (міндеттемелердің өсуі) және (немесе) сыртқы жинақтардың есебінен (шетелдік активтердің азаюы) жабылады
Сауда балансы = кредит – дебет	Тауарлардың таза экспорты, Тауарлар экспорты, кредит, Тауарлар импорты, дебет	Тауарлардың таза импорты
Қызметтер балансы	Бейрезиденттерге қызметтерді таза ұсыну, Қызметтер экспорты, кредит, Қызметтер импорты, дебет	Бейрезиденттердің қызметтерін таза пайдалану
Бастапқы және қайталама кірістердің балансы	Бейрезиденттерден кірістерді және ағымдағы трансферттерді таза алу Бейрезиденттерден алуға жататын кірістер мен ағымдағы трансферттер Бейрезиденттерге төлеуге жататын кірістер мен ағымдағы трансферттер	Бейрезиденттерге кірістерді таза төлеу және ағымдағы трансферттерді беру
Капиталмен операциялар шоты	Өндірілмеген қаржылық емес активтердің таза әкетілуі және бейрезиденттерден күрделі трансферттерді таза алу Өндірілмеген қаржылық емес активтерді жалпы әкету, алуға арналған трансферттер Өндірілмеген емес қаржылық емес активтерді жалпы сатып алу, төлеуге арналған трансферттер	Өндірілмеген қаржылық емес активтерді таза алу және бейрезиденттерге күрделі трансферттерді таза беру
Қаржы шоты Сальдо = Активтерді таза алу – Міндеттемелерді таза қабылдау	Қаржы ресурстарының елден таза (нетто) ағыны - шетелдік активтердің өсуімен және (немесе) міндеттемелердің қысқаруымен түсіндіріледі. Қалған әлемді таза кредиттеу	Қаржы ресурстарының елге таза (нетто) ағыны – әдетте міндеттемелердің өсуі және (немесе) активтердің қысқаруы кезінде туындайды. Қалған әлемнен таза қарыз алу
Активтерді таза алу = ұлғаю – азаю	Шетелдік активтердің таза өсуі	Шетелдік активтердің таза төмендеуі
Міндеттемелерді таза қабылдау = ұлғаю – азаю	Міндеттемелерді таза өсуі	Міндеттемелерді таза азаюы